

"Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларын бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 16 қыркүйектегі № 316 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 24 наурыздағы № 60 қаулысы

Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларын бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 16 қыркүйектегі № 316 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6168 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларында:

2-тармақта:

мынадай редакциядағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші (бұдан әрі – ауылшартауарынөндіруші) – ауыл шаруашылығы өнімін өндірумен айналысатын жеке немесе заңды тұлға;";

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) сатып алу интервенциялары – облыстардың аумағында бағалар төмендеген кезде, Қазақстан Республикасының аумағында төтенше жағдай енгізілген кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмалары шенберінде мамандандырылған ұйымдардың әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сатып алуы жөніндегі іс-шаралар;";

мынадай редакциядағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) тіркелген баға – өндіруге, сактауға, табиғи кемуге (кебуге), межелі орынға дейін жеткізуге кеткен шығындарды, сондай-ақ өнімнің өзіндік құнының 10 (он) пайызынан аспайтын маржалық табысты ескере отырып, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарының бағасы;";

мынадай редакциядағы 8-2) тармақшамен толықтырылсын:

"8-2) форвард – сатып алушы (немесе сатушы) болашақта келісілген шарттармен базалық активті сатып алудың (немесе сатудың) белгілі бір мерзімі өткеннен кейін өзіне міндеттеме алатын туынды қаржы құралы;";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Комиссия төрағасы агроОнеркәсіптік кешен мәселелеріне жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасары болып табылады, Комиссия мүшелері Шығыс Қазақстан

облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму және ауыл шаруашылығы басқармаларының қызметкерлері, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің және қоғамдық ұйымдардың өкілдері болып табылады. Комиссия өз қызметін тұрақты негізде жүзеге асырады.";

7-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) осы Қағидаларға сәйкес кәсіпкерлік субъектісін және қарыз беру үшін шарттарды айқындау;"

9-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9-2. Мамандандырылған ұйымның тұрақтандыру қорын пайдалану кезінде туындаған үстеме, коммуналдық және басқа да шығыстары жыл сайын азық-түлік тауарларының белгіленген және нарықтық бағалары арасындағы айырма есебінен жабылады.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Шығыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы, Сауда және интеграция министрліктеріне ұсынады :

1) ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 20-күніне дейін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерінің іске асырылу барысы туралы ақпаратты;

2) көкөніс өнімдерінің форвардтық шарттары шенберінде ауылшартауарынөндірушілерді қаржыландыруға бір ай қалғанда алдын ала төлем сомасын, өткізу нүктелерін және (немесе) сауда объектілерін көрсете отырып, жеткізу графигін көрсетумен, сатып алынатын көкөніс өнімдерінің көлемі туралы ақпаратты;

3) форвардтық шарттар шенберінде ауылшартауарынөндірушілерді түпкілікті қаржыландырғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде өткізу нүктелерін және (немесе) сауда объектілерін көрсете отырып, сатып алынған көкөніс өнімдерінің көлемі, жеткізу графиктері туралы ақпаратты береді.";

мынадай редакциядағы 19-1-тармақпен толықтырылсын:

"19-1. Облыстардың жергілікті атқарушы органдары бөлетін, оның ішінде бұдан бұрын азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыруға бөлінген қаражат әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағаларын тұрақтандыру тетіктерін іске асыруды қаржыландыру көзі болып табылады.";

мынадай редакциядағы 19-2-тармақпен толықтырылсын:

"19-2. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру тетіктерін іске асыру шенберінде көкөніс өнімдерін өндіру үшін ауылшартауарынөндірушілерді қаржыландыру кезінде тіркелген бағаны белгілей отырып, форвард қолданылады.

Көкөніс өнімдерін өндіру үшін ауылшартауарынөндірушілерді қаржыландыру форвардтық шарттың жалпы сомасының 70 (жетпіс) пайызы мөлшерінде алдын ала

төлем және көкөніс өнімін жеткізгеннен кейін түпкілікті есеп айырысу шарттарында жүзеге асырылады.";

мынадай редакциядағы 19-3-тармақпен толықтырылсын:

"19-3. Форвардтық шарттар шенберінде сатып алынатын көкөніс өнімінің көлемі Комиссия шешіміне сәйкес өнірлік сұраныс негізінде облыс (қалалық немесе жалпы) халқының үш айлық қажеттілігінің 50 пайзызына дейін қалыптастырылады.";

мынадай редакциядағы 19-4-тармақпен толықтырылсын:

"19-4. Мамандандырылған үйым ауылшартауарынөндірушілерді форвардтық шарттар шенберінде:

2023 жылғы 10 қантарға дейін 2023 жылы ерте шығатын көкөніс өнімдерін өндіру және 2023 жылдың көктемгі-жазғы кезеңінде халықты көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ету үшін;

2023 жылғы 1 ақпанға дейін 2023 жылғы күзгі түсімнің көкөніс өнімдерін өндіру және 2024 жылдың қысқы-көктемгі кезеңінде халықты көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ету үшін;

2023 жылғы 1 тамызға дейін 2024 жылы ерте шығатын көкөніс өнімдерін өндіру және 2024 жылдың көктемгі-жазғы кезеңінде халықты көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ету үшін;

2023 жылғы 1 қыркүйекке дейін 2024 жылғы күзгі түсімнің көкөніс өнімдерін өндіру және 2025 жылдың қысқы-көктемгі кезеңінде халықты көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ету үшін қаржыландыруды жүзеге асырады.

2024 жылдан бастап және одан кейінгі жылдары ауылшартауарынөндірушілерді көкөніс өнімдерін өндіру үшін қаржыландыру мынадай мерзімдерде жүзеге асырылады :

ағымдағы қаржы жылының 1 тамызына дейін келесі жылдың қысқы-көктемгі кезеңінде халықты көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ету үшін;

ағымдағы қаржы жылының 1 қыркүйегіне дейін келесі жылдың көктемгі-жазғы кезеңінде халықты көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ету үшін.";

мынадай редакциядағы 19-5-тармақпен толықтырылсын:

"19-5. Мамандандырылған үйым көкөніс өнімдерін сатуды бастағанға дейін ауылшартауарынөндірушілерде немесе басқа қоймаларда сактауды жүзеге асырады. Сақтау шығындарын есептеу жергілікті атқарушы органдардың өнірдегі сактаудың үқсас түрлеріндегі сактаудың орташа құны туралы деректері негізінде жүргізіледі.";

мынадай редакциядағы 19-6-тармақпен толықтырылсын:

"19-6. Өлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру тетіктерін іске асыру шенберінде көкөніс өнімдерін жеткізу мамандандырылған үйым облыстың жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп маусымаралық кезеңде (

қысқы-көктемгі кезең: ақпан, наурыз, сәуір; көктемгі-жазғы кезең: мамыр, маусым, шілде) қалыптастыратын график негізінде не ішкі нарыққа реттеушілік әсер ету қажет болған жағдайда басқа кезеңдерде жүзеге асырылады.";

мынадай редакциядағы 19-7-тармақпен толықтырылсын:

"19-7. Мамандандырылған ұйымдар облыстардың жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп форвардтық шарт жасалған сәттен бастап көкөніс өнімдерін өндіру циклінің барлық кезеңдерінде егістікке бара отырып, ауылшартауарынөндірушілердің қызметіне мониторингті жүзеге асырады.";

мынадай редакциядағы 19-8-тармақпен толықтырылсын:

"19-8. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру тетіктері шеңберінде сатып алынатын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18 және 19-баптарына сәйкес сақтау, тасымалдау және өткізу кезінде тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс.";

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Өнірлік тұрақтандыру қорын қалыптастыру кезінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сатып алу тікелей өндірушілерден, оның ішінде форвардтық шарттар мен офтейк-келісімшарттар жасасу арқылы жүзеге асырылады. Егер өндіруші өнімді өткізуді тікелей жүзеге асырмаса, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сатып алу азық-түлік тауарларын өткізуге маманданған көтерме сауда жеткізушілерінен (дистрибутерлерден) жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы 28-1-тармақпен толықтырылсын:

"28-1. Мамандандырылған ұйымның сатып алу интервенциялары туралы шешімі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағаларын тұрақтандыру тетіктерін тиімді және уақтылы қолдануды қамтамасыз ету мақсатында қабылданады.";

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Шығыс Қазақстан облысының қалалары мен аудандарының әкімдіктері мамандандырылған ұйыммен бірлесіп тауар интервенцияларын жүзеге асыратын сауда объектілерінің орналасқан жері, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз беру тәртібі туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдары, жергілікті атқарушы органның және мамандандырылған ұйымның ресми сайттары арқылы халықтың назарына жеткізу бойынша ақпараттық жұмыс жүргізеді.";

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"36. Облыстың жергілікті атқарушы органы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағаларын тұрақтандыру мақсатында мамандандырылған ұйымдар арқылы Комиссия айқындастын азық-түлік тауарларының тізбесіне сәйкес кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз береді. Қарыз беру қарыз шартын жасасу жолымен қайтарымдылық, қамтамасыз етілу және ақылдылық талаптарымен жүзеге асырылады.";

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Қарыз беру үшін кәсіпкерлік субъектісін кәсіпкерлік субъектілеріне қойылатын талаптарға (өлшемшарттарға) сәйкес Комиссия айқындаиды:

кәсіпкерлік субъектісін занды тұлға немесе дара кәсіпкер ретінде тіркеу;  
салық берешегінің болмауы;

бағаны тұрақтандыру жөніндегі міндеттемелерді орындау үшін қажетті активтердің меншік немесе жалға алу құқығында болуы;

бизнестің бәсекеге қабілеттілігі (сауда объектісінің сыныбы, сатылатын әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларының саны, сатып алушылардың күніне орташа келу саны, төлемнің қазіргі заманғы нысандарының болуы);

"Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бөлінген қаражатты нысаналы пайдалану, әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына тіркелген төмендетілген бөлшек сауда бағаларын тежеу, тамақ өнімдерін сақтау, тасымалдау және өткізу кезінде олардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сәйкес сатылатын әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларының қажетті маусымдық және тұрақты қорларын қалыптастыру жөніндегі міндеттемелерді қарыз шартымен қабылдау.";

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Комиссия кәсіпкерлік субъектісін және шарттарын айқындағаннан кейін мамандандырылған үйим кәсіпкерлік субъектісіне қарыз береді.";

40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Кәсіпкерлік субъекті мамандандырылған үйимның қарызын қайтару бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді. Міндеттемелердің орындалуы: кепіл, банктік кепілдендіру, сақтандыру шарты, үшінші тұлғалардың кепілдік/кепілгерлігі түрінде қамтамасыз етіледі. Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету заңнамада көзделген жазбаша нысанда ресімделеді.".

46-тармақ алып тасталсын.

2. Облыстың кәсіпкерлік және индустрималь-инновациялық даму басқармасы:

1) осы қаулыға қол қойылғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде оның көшірмелерін қазақ және орыс тілдерінде "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жариялау үшін жіберілуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроОнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК